



Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 3 қыркүйегіндегі № 306 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 қыркүйекте № 2980 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 21 қазандағы 349 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер ауданы әкімдігінің
21.10.2014 № 349 қаулысымен.
Р Қ А О ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы
с а қ т а л ғ а н .**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28-бабының 6 тармағы негізінде және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабын басшылыққа алып, Индер ауданының әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Индер аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау "Индер ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Д.Д. Шамұратовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *С. Арыстан*
" К Е Л І С І Л Д І "

Индер аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының төрағасы: **Б. Құнас**
3 қыркүйек 2014 жыл

А у д а н

Ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

3

қ ы р к ү й е к

№ 306 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

№	Елді мекеннің атауы	Орналасқан жері	Орналасу үшін нысанның атауы
1	Индербор кенті	Қонаев көшесі № 14	Облыстық "Қазпочта" АҚ филиалының Ин аудандық пошта байланыс торабы ғимаратының алдындағы стенд
2	Индербор кенті	Оңдасынов тұйық көшесі № 3 үй	Атырау облысы Денсаулық сақта басқармасының "Индер аудандық ортал ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекетт кәсіпорнының ғимаратының алдындағы сте:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК